

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ**  
**СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ**

**2019 жылғы 30 мамыр**

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Д.Н. НАЗАРБАЕВА жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы таң, құрметті сенаторлар, шақырылған лауазым иелері! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар – 40 депутат. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар, күн тәртібі бойынша дауыс берейік. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 40 депутат, «жақтағандар» – 40, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа «Құрметті Сенатор» мәртебесін беру жөнінде.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан Республикасы Президентінің антын беру рәсімінде Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа «Құрметті Сенатор» мәртебесін беру жөнінде ұсыныс жасаған болатын.

Мемлекет басшысының ұсынысын қолдай отырып, Сенат Бюросының мүшелері «Құрметті Сенатор» мәртебесі туралы ереже бекітті.

Ережеге сәйкес «Құрметті Сенатор» мәртебесін беру жөнінде шешім Сенат отырысында қабылданады.

Бұл мәселе бойынша қандай пікірлеріңіз бар? Сенатор Мұсабаев.

МҰСАБАЕВ Т.А. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Қазақстан парламентаризмін дамыту үдерісі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың ақылға салған саяси стратегиясының нәтижесі болып табылады.

Биліктің барлық тармақтары арасында тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін құру арқылы ел Парламенті тек заң шығару тетігіне ғана емес, мемлекеттің орнықты дамуына бағытталған мақсаттарына да жауап беретін беделді мемлекеттік орган болды.

Парламент ұлттық мемлекеттіліктің негіздерін бекітуде Қазақстанның қоғамдық өмірінің барлық салаларында заңнамалық базасын дамытуда іргелі роль атқарады. Сондықтан Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа «Құрметті Сенатор» мәртебесін беру туралы ұсынылған идеяны уақтылы және дұрыс деп санаймын. Себебі ол Парламенттің беделін

шетелге танытуға, сондай-ақ демократиялық, зайырлы және құқықтық мемлекет негіздерін қалыптастыруға баға жетпес үлес қосты.

Осы мәртебені Елбасына беру ел дамуының стратегиялық бағытын айқындаушы, мемлекет негізін қалаушы тұлға ретіндегі тарихи еңбегін бағалаудың айқын көрінісі деп ойлаймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Талғат Амангелдіұлы.

Следующее слово предоставляется Волкову Владимиру Васильевичу.

ВОЛКОВ В.В. Уважаемая Дарига Нурсултановна! Уважаемые коллеги и приглашенные! Все достижения суверенного Казахстана, его высокий международный авторитет, стабильное и устойчивое развитие связаны с именем Первого Президента – Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым.

Итоги 27-летнего развития независимого Казахстана – полномасштабные реформы во всех сферах жизни, устойчивый рост экономики, справедливая социальная политика, последовательная демократизация общества. Все это является результатом реализации стратегического курса Первого Президента.

Сегодня идеи и цели Елбасы стали уже общенациональными ценностями всех казахстанцев, они прочно укоренились в общественном сознании, являясь основой казахстанского образа жизни.

Огромна и определяющая роль Елбасы и в создании профессионального двухпалатного Парламента. С первых дней суверенитета Первый Президент заявлял, что Казахстану нужен профессиональный Парламент, способный принимать законы высокого качества.

В те годы среди политических и общественных деятелей, ученых не было единства мнений относительно модели нового Парламента. Одни поддерживали идею двухпалатной структуры, другие настаивали на сохранении сильного Верховного Совета. Как всегда, в тот непростой период весь груз ответственности за судьбу страны принял на себя наш Первый Президент.

Беспрецедентным в отечественной истории конституционным нововведением и претворением в жизнь идеи Елбасы стало учреждение Конституцией 1995 года, принятой на республиканском референдуме, двухпалатного Парламента, одной из Палат которого является наш Сенат.

За свою современную историю Парламент сумел оправдать возложенную на него высокую миссию, обеспечив законодательную поддержку проводимых Первым Президентом в государстве и обществе реформ.

Елбасы в одном из своих выступлений, оценивая деятельность Парламента, отметил: «Сегодня мы со всей уверенностью можем констатировать, что профессиональный двухпалатный Парламент как высший представительный орган, осуществляющий законодательные функции, не только состоялся, но и успешно прошел проверку временем».

Уважаемые депутаты! Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Кемелевич Токаев в своем выступлении при вступлении в должность Президента Республики Казахстан озвучил инициативу о присвоении Елбасы статуса «Почетный Сенатор» в знак

признания его исторической роли в становлении и развитии казахстанской государственности и парламентаризма.

Полностью поддерживая данную инициативу, прошу и вас поддержать ее. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо, Владимир Васильевич.

Келесі сөз сенатор Әли Әбдікәрімұлы Бектаевқа беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Біз қарап, талқылап отырған мәселе жай ғана ағымдағы мәселе емес. Бүгінгі қабылданатын шешім Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қабырғасында қабылданған тарихи және маңызды шешімдердің бірі де бірегейі болмақ.

«Құрметті Сенатор» мәртебесін беру заманауи Қазақстанның негізін қалаушы, қос палаталы Қазақстан парламентаризмінің негізін салған және оның дамуына теңдессіз үлес қосқан, еліміздің бірлігі мен ынтымағын қамтамасыз ете отырып, стратегиялық даму бағдарын айқындаған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сіңірген тарихи еңбегін мойындаудың тағы да бір белгісі болып табылады.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары өте қиын өтпелі кезеңнен өтті. Қазақстанның дербес мемлекет болып кететініне күмән келтіргендер де аз болған жоқ. Заманауи мемлекет құрудың бар ауыртпашылығын да, жауапкершілігін де өз мойнына алған Нұрсұлтан Назарбаев болатын. Сол кездегі басынан өткен қиындықтарды тек Елбасының өзі ғана біледі. Біз біле бермейміз, бірақ сезінеміз.

Қаншама саяси текетірестер, экономикалық қасарыстар болып жатты. Аяқтан шалу мен кедергілер де аз болған жоқ. Соның барлығына төтеп берген де, қиыннан қиыстыра жол тапқан да Қазақстанның Тұңғыш Президенті еді.

Сондай текетірес жағдайында Қазақстанның Конституциясы қабылданып, қос палаталы Парламенті құрылды, қаншама заңдар, ел экономикасын көтеру жолында қаншама маңызды шешімдер қабылданды, биік белестер бағындырылды.

Басқаны айтпағанда, Кеңестер Одағынан бөлінген тәуелсіз мемлекеттер арасында жалғыз Қазақстан ғана өзінің шекарасын халықаралық деңгейде толық заңдастырып алды. Орта Азия елдерінен бөлек, көршілес Ресеймен арадағы 7800 шақырым, Қытай Халық Республикасымен арадағы 1800 шақырым шекараның бекітілуін қазақ халқы үшін, Тәуелсіз Қазақстан үшін баға жетпес тарихи жеңіс деп те айтуға болады. Бұның барлығы Елбасының үлкен ерік-жігері мен дипломатиялық көрегендігінің, көрші елдер басшыларымен жасаған адами қарым-қатынасының, достық қасиетінің арқасы.

Бүгінде Нұрсұлтан Назарбаевтың бүкіл әлем мойындаған қайраткер екендігіне ешкімнің күмәні жоқ. Алпауыт мемлекеттер басшыларының біздің Елбасыны алақандарына салып, төбесіне көтеруі бүкіл қазақ халқына, тәуелсіз Қазақстанға көрсетілген құрмет деп есептеуіміз керек.

Жақында ғана Тұңғыш Президентіміздің Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің арнайы шақыртуымен барып, 37 мемлекеттің басшысы, 10 мыңнан астам делегат қатысқан «Бір белдеу – бір жол» Халықаралық форумының төрінде отырғанын,

Қытай мемлекетінің ең жоғарғы сыртқы марапаты – «Достық» орденіне салтанатты түрде ие болғанын көріп, бәріміз де марқайып, мәртебеміз көтерілді.

Түркі кеңесі мемлекеттері көшбасшыларының қабылдаған шешіміне сәйкес түркі әлемі елдерін дамытуға зор үлес қосқаны үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа Түркі тілдес мемлекеттер ынтымақтастық кеңесінің ғұмыр бойғы құрметті төрағасы мәртебесі берілгенін де қазақстандықтар зор қуанышпен қабылдады.

Кеше ғана Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер басшыларының шешімімен біздің Елбасыға Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің құрметті төрағасы мәртебесінің берілуі де біздің елге, еліміздің тұңғыш басшысына көрсетілген зор құрмет екендігінде дау жоқ.

Құрметтеп қана қоймай, Нұрсұлтан Назарбаевтың мол тәжірибесін, абыройы мен беделін, ақылы мен кеңесін, көрегендігі мен кемеңгерлігін осы халықаралық ұйымдар пайдаланатындығын да жасырып отырған жоқ.

Осының барлығы нені көрсетеді? Ең бірінші Қазақстан Республикасының әлемдік геосаясаттағы алған мәртебелі орнын көрсетеді. Бұл біздің еліміздің дәрежесі биік, абыройы жоғары, алпауыттармен терезесі тең мемлекет болғандығының белгісі.

Елін сүйген, елі сенген Елбасының әлем мойындаған, әлем құрметтеген абызға айналуы біздің халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан тектілігінің, Ұлы дала ұрпақтарының ананың сүтімен, атаның қанымен сіңген ерекше қасиетінің бір көрінісі деп те айтуға болады. Текті елде ғана текті ұл туады. Текті ұлын төбеге көтеріп ту еткен ел ғана өзінің тектілігін жоғалтпайтыны тарихтан белгілі.

Сондықтан да Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа бүкіл дүниежүзі бас иіп, құрмет көрсетіп отырғанда біздің бүгінгі қабылдайтын шешіміміздің теңізге тамған тамшыдай ғана екендігі анық. Бірақ Елбасыға «Құрметті Сенатор» мәртебесінің берілуі Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының абыройын асырып, біздің барлығымызға, Сенат депутаттарына қосымша жауапкершілік жүктейтіні даусыз.

Сондықтан да Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың ұсынысын толық қолдай отырып, әріптестерімді де осы шешімнің жобасын бірауыздан қолдауға шақырамын.

Тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Әли Әбдікәрімұлы.

Тағы да сөз сөйлеймін дейтіндер бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда талқылау аяқталды. Құрметті депутаттар, енді «Құрметті Сенатор» мәртебесін беру жөнінде шешім қабылдайық. Сенаттың тиісті қаулысының жобасы сіздерде бар, дауыс беріңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 40 депутат, «жақтағандар» – 40, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Шешім қабылданды.

## ҚОЛ ШАПАЛАҚТАУ.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бүгін біз тарихи шешім қабылдадық. Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа «Құрметті Сенатор» мәртебесін беру Елбасының жаңа Қазақстанды қалыптастыру мен дамытуға қосқан тарихи үлесіне және Қазақстан қоғамын топтастыруға сіңірген орасан зор еңбегіне берілген әділ баға мен құрмет деп санаймын. Сіздерге рақмет, енді анда-санда Сенатқа келіп тұрады деп сенеміз.

Құрметті сенаторлар, келесі мәселе – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленовке беріледі.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сіздердің назарларыңызға Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім ұсынылып отыр.

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Қытай арасындағы өзара сауданы жақсартуға жағдай жасайды. Келісім өзара саудада кедендік баждарды жоюды және төмендетуді көздемейді.

Келісімнің ережелері өзара саудада қолданылатын техникалық реттеу рәсімдерін, санитариялық және фитосанитариялық шараларды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ келісім кедендік ынтымақтастық, зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін қамтиды. Ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану және берілетін субсидиялар туралы ақпарат алмасу көзделген.

Келісімде электрондық сауда саласында тұтынушылардың құқықтарын және олардың дербес деректерін қорғау көзделеді.

Тараптар өзара сауданы шектеуі мүмкін шаралар туралы хабарламалармен алдын ала алмасуға уағдаласты.

Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттері мен Қытай арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі дамытуға қарқын беру мақсатында салалық ынтымақтастықты дамытудың негізгі бағыттары көзделген. Бұл ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік, өнеркәсіптік кооперация, технологиялар мен инновациялар, қаржы және қоршаған орта. Осы бағыттарда ынтымақтастықты тереңдету елдердің инновациялық белсенділігін, инвестициялық тартымдылығын және бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Келісім бойынша тараптар ұлттық заңнамаға сәйкес жоспарланып отырған сауданы реттеу шаралары туралы ақпаратты жариялайды. Бұл сұраулар жіберуге және консультациялар жүргізуге мүмкіндік береді.

Қытай Қазақстан үшін маңызды сауда әріптестерінің бірі. Сондықтан шарттық базаны дамыту елдер арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға мүмкіндік береді.

Заң жобасын іске асыру республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді және теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды.

Құрметті депутаттар, заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатұлына сұрақтарыңыз бар ма? Сенатор Плотников.

ПЛОТНИКОВ С.В. Уважаемая Дарига Нурсултановна! Уважаемые коллеги! Мы понимаем, что получение оперативной информации на постоянной основе позволит предотвратить теневой оборот и повысить поступления в бюджет.

Согласно статье 6-20 в целях повышения эффективности таможенного контроля и упрощения процедур торговли стороны могут рассмотреть возможность заключения соглашения по электронному информационному обмену о товарах и транспортных средствах.

У меня такой вопрос: разработан ли проект данного соглашения, и как будет производиться информационный обмен – по запросу или на постоянной основе? Спасибо.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Большое спасибо за вопрос, Сергей Викторович.

Проект данного соглашения разработан. Вчера на заседании Высшего Евразийского экономического совета данный вопрос был рассмотрен. Было поручено провести внутригосударственные процедуры с целью его подписания. Подписание предполагается провести 6 июня в Санкт-Петербурге в случае проведения внутригосударственных процедур всеми сторонами.

Содержательно. Речь идет об электронном обмене информацией о грузах и товарах, перемещаемых через таможенную границу. Это позволит улучшить статистику, повысить контроль и ускорить оформление грузов.

В проекте соглашения предусмотрено, что таможенные органы в течение не менее 18 месяцев со дня подписания соглашения разработают порядок обмена информацией. В нем будут предусмотрены объемы, сроки и порядок технического обмена и предоставления информации.

Данные процедуры уже обсуждены таможенными органами. Все процедуры согласованы, технических препятствий для обмена информацией не будет, обмен будет проводиться в штатном режиме. Спасибо.

ТӨРАҒА. Руслан Ерболатович, это будет на постоянной основе или по запросу?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Это предполагается делать на регулярной основе, Дарига Нурсултановна. Сам порядок будет разработан отдельно протоколом. Это будет делаться ежемесячно либо ежедневно.



ТӨРАҒА. Сенатор Әкімов.

ӘКІМОВ Р.Қ. Рақмет, құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы.

Құрметті Руслан Ерболатұлы! Қазіргі уақытта Қытай Халық Республикасы «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында Жібек жолы елдерімен қарым-қатынасты кеңейтіп келеді.

Бүгінгі қаралып отырған келісімнің де басты мақсаттарының бірі өңірде тұрақты сауда байланыстарын құру құралы ретінде Еуразиялық экономикалық одақпен «Бір белдеу – бір жол» бастамасын ұштастыру болып табылады.

Кешегі өткен Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында да бұл туралы жақсы айтылды.

Осыған байланысты туындап отырған сұрақ. Осындай ауқымды жобаны іске асыру барысында біздің елімізде қазіргі инфрақұрылым жүйесі мен көлік әлеуетінің даму деңгейі қандай жағдайда? Келешекте осы бағытта тағы қандай іс-шаралар жоспарлануда? Рақмет.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Сұрағыңызға рақмет. Қаралып отырған келісім «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясында жаңа Жібек жолы жобасын іске асырудың негізі болады. Қазақстан үшін бұл бастама транзиттік әлеуетті іске асыруға мүмкіндік береді. Логистикалық инфрақұрылымды дамыту үшін республикалық бюджеттен қаржы қарастырылып, шетел инвестициялары тартылады.

Мысалы, «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аумағында «Құрғақ порт» жобасы іске қосылды. Қазақстаннан Алашанькоу арқылы Еуропаға темір жол салынды және Қазақстанның оңтүстігінен Еуропаға жаңа темір жол тармағы тартылды.

«Батыс Қытай – Батыс Еуропа» магистралінің 2700 шақырымы салынды, бұл жүкті Еуропаға 10-15 күн ішінде жеткізуге мүмкіндік береді.

Ақтау және Құрық порттарынан контейнерлік ағым енгізілген. Сондай-ақ Қазақстан арқылы «Еуропа – Қытай – Еуропа» бағыты бойынша контейнерлік темір жол тасымалдарының көлемі жыл сайын өсіп келеді. Мысалы, 2018 жылы контейнердің саны 300 мыңнан асты. Бұл 2017 жылға қарағанда 1,5 есеге көп.

Жалпы 2020 жылға қарай Қазақстанның логистикалық жүйесін дамытуға бағытталған инвестициялар көлемі 8 миллиард доллардан асады. Бұл экономикалық өсуге қосымша серпін береді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Сенатор Джақсыбеков.

ДЖАҚСЫБЕКОВ С.Р. Рақмет, Дариға Нұрсұлтанқызы.

Статья 6-17 соглашения предусматривает взаимное признание уполномоченных экономических операторов. Нормативно-правовая основа их деятельности создана в 2010 году.

На сегодняшний день в реестре Республики Казахстан находятся 9 компаний, в реестре Российской Федерации – 241 юридическое лицо, в реестре Республики Беларусь – 322 юридических лица, в реестре Китайской Народной Республики – более 30 тысяч таких операторов. Для всех предусмотрены специальные процедурные упрощения.

Насколько эффективна система внедрения уполномоченных экономических операторов? Какой результат это дает экономике Казахстана? Что в целом изменилось?

Если касаться наших экономических взаимоотношений с Китаем, то осенью прошлого года мы на это внимания не обращали, по товарообороту Казахстан зафиксировал 5,4 миллиарда долларов, Китай – 11,3 миллиарда долларов.

За январь–февраль 2019 года Комитет государственных доходов Казахстана фиксирует 680 миллионов долларов, Китай за январь–март фиксирует 1,9 миллиарда долларов.

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо, Серик Рыскельдинович.

Институт Уполномоченного экономического оператора был создан с вводом нового Таможенного кодекса ЕАЭС. Для нас это новый институт. Его суть заключается в том, что экономический оператор вносит 1 миллион евро в качестве обеспечения, обладает хорошей историей, имеет хорошие взаимоотношения с системой управления рисками, далее он может завезти товары на свой склад и оформить декларацию позднее.

В Казахстане, как Вы отметили, девять уполномоченных экономических операторов. Ранее их было больше, несколько десятков, около 50. Но после того, как мы провели упорядочение, конкретно выяснили, чем они занимаются, пропустили через систему управления рисками, их количество было сокращено до реально работающих, где есть экономический эффект. На сегодняшний день девять экономических операторов. Полностью соответствует таможенному законодательству ЕАЭС.

Что касается расхождения статистики. Как вы знаете, есть две причины расхождения статистики.

Первая причина. Китай указывает все, что идет транзитом через нашу страну, как экспорт в Казахстан.

Вторая причина. Недостатки таможенного администрирования, связанные в том числе с отсутствием обмена информацией. Благодаря этому соглашению мы будем решать этот вопрос.

Что касается транзита товаров. Китай имеет такие расхождения не только с Казахстаном. Мы посмотрели статистику Организации Объединенных Наций, наибольшее отклонение у Китая наблюдается с США (95 миллиардов долларов США), Германией (44 миллиарда долларов США). Китай показывает, что в Европу столько не отправлял, хотя Европа говорит, что было столько оформлено. Соответственно, речь идет о том, что некий транзит, который идет через разные страны, Китай считает экспортом в эти страны. Транзитные страны он считает местом назначения. Это еще раз подтверждает, что необходимо провести работу по выявлению, что является реальным транзитом, а что реально завозилось в страны и прошло мимо таможенных органов. Такую работу по обмену информацией мы будем проводить. Спасибо.

ТӨРАҒА. У меня вопрос в продолжение вопроса коллеги Акимова о качестве развития нашей транспортной инфраструктуры. Нечетко прозвучал ответ.

Известно, что на сегодняшний день наблюдается большой дефицит вагонного парка для перевозки грузов железной дорогой, образуются огромные очереди на перевозку. Это



дополнительно создает коррупциогенную основу для правонарушений, огромные очереди на границе.

Так как в вагонном парке на сегодняшний день наблюдается огромный дефицит, это может тормозить более качественную работу всей нашей инфраструктуры. Недостаточно иметь железную дорогу, построить хорошие автомобильные магистрали, если есть нехватка транспортных средств для перевозки грузов по нашей территории, особенно когда речь идет о транзитном грузе. Как этот вопрос собирается решить Правительство совместно с АО «Казахстан темир жолы»?

Второй вопрос. Экономические операторы работают, в свое время мы принимали закон, возлагали большие надежды, что это положит конец контрабанде. Даже несмотря на то, что есть объективные факторы, говорящие о том, что китайская статистика и наша статистика различаются, тем не менее мы знаем о большом количестве нарушений на границе, присутствует контрабанда, наблюдаются повсеместные нарушения правил на границе. Экономические операторы не положили конец этим нарушениям. Как вы дальше собираетесь совершенствовать работу этого института?

ДӘЛЕНОВ Р.Е. Спасибо за вопросы, Дарига Нурсултановна.

По транзиту. Мы считаем, что развитие транзита – это один из основных методов ускорения экономического роста. Казахстан не имеет выхода к океану, но расположен между двумя товарными океанами в виде Китая и Европы. Поэтому развитие транспортного потенциала для нас является приоритетом.

В прошлом году по железным дорогам было перевезено 300 тысяч контейнеров, годом ранее – 200 тысяч.

Что касается перевозок автотранспортом до портов, то контейнерные перевозки выросли вдвое (почти ежегодно растут вдвое). Такая динамика наблюдается последние годы. То есть инфраструктура, по которой ездят автомобили, локомотивы, вагоны, существует.

Вы правы, сегодня остро стоит вопрос по количеству вагонов, локомотивов и транспорта в целом. Этот вопрос совместно с АО «Казахстан темир жолы» мы решаем, он тесно связан с тарифами, потому что тарифы на локомотивы давно не поднимались. Сейчас идет работа по установлению баланса между тарифами, которые бы обеспечивали инвестиции в закупку новых вагонов, и инфляцией в стране.

Что касается экономических операторов. Работу мы проводили и будем дальше проводить. Ранее количество экономических операторов было большое. Мы проанализировали финансовые документы, кто из них наиболее эффективно работает, поэтому количество на сегодняшний день сократилось, их стало девять. Это оптимальное количество на сегодняшний день.

Что мы собираемся делать, чтобы поднять эффективность? Мы вводим дополнительные формы отчетности, чтобы более ритмично и часто смотреть, что происходит, растет ли финансовая деятельность экономического оператора, куда используется товар, какая у него налоговая нагрузка не только по таможенным и налоговым платежам, но и по общим налогам в целом. Эту работу мы сейчас проводим.

ТӨРАҒА. Рақмет, Руслан Ерболатұлы, орныңызға отырыңыз.

ДӨЛЕНОВ Р.Е. Рақмет.

ТӨРАҒА. Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Ерік Хамзаұлы Сұлтановқа беріледі.

СҮЛТАНОВ Е.Х. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер, шақырылғандар! Заң жобасы туралы Ұлттық экономика министрі Руслан Ерболатұлы Дәленов толық баяндап берді.

Қаралып отырған келісім Еуразиялық экономикалық одақтың қатысушы мемлекеттері мен Қытай Халық Республикасы арасындағы өзара сауданы жақсартуға жағдай жасауға бағытталған, бірақ өзара саудадағы кедендік баждарды жоюды көздемейді.

Аталған келісімде ішкі нарықты қорғау шаралары, саудадағы техникалық кедергілер, санитариялық және фитосанитариялық шаралар, зияткерлік меншік, бәсекелестік, кедендік, мемлекеттік сатып алулар саласындағы ынтымақтастық, электрондық сауда сияқты салалардың кең ауқымы қамтылған.

Қытай біздің маңызды сауда әріптесіміз болып табылады, сондықтан аталған келісім-шарт Еуразиялық экономикалық одақ үшін де және сол одаққа кіретін Қазақстан Республикасы үшін де тиімді.

Бұл заң біздің Қазақстанның экономикасына, тауар өндірушілеріне Қытайдың үлкен нарығына жол ашатын заңның бірі болады деп ойлаймын.

Заң жобасы тиісті министрліктер өкілдерінің қатысуымен жұмыс тобының отырысында, комитеттің отырысы мен кеңейтілген отырысында жан-жақты талқыланды.

Сенаттың тұрақты комитеттерінен ұсыныстар келіп түскен жоқ.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына және басқа қолданыстағы заңдарға қайшы келмейді.

Баяндалғанды ескере келе, аталған заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Ерік Хамзаұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар болмаса мәселені талқылауға көшеміз. Сенатор Құртаев.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер мен шақырылғандар! Баяндамашы мен қосымша баяндамашы заң жобасының негізгі ерекшеліктерін атап өтті. Алайда мен сіздердің назарларыңызды келесі өзгерістерге аударуды жөн санаймын.

Аталған келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер, оның ішінде Қазақстан мен Қытай Халық Республикасы арасындағы өзара сауда-экономикалық қатынасты жақсартуға жағдай жасайды.

Уәкілетті органның ресми мәліметі бойынша Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы 2018 жылғы көрсеткішке сәйкес 11,7 миллиардты құрап, өткен мерзіммен салыстырғанда 11,1 пайызға өскені белгілі болып отыр. Оның ішінде Қазақстаннан Қытайға экспорт көлемі 8,2 пайызға ұлғайған, Қытайдан Қазақстанға импорт көлемі де 14,7 пайызға артқан. Негізгі сыртқы экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасы байқалады. Бұл екі елдердің экономикасына оң ықпалын тигізетіні сөзсіз.

Қытай Халық Республикасы Қазақстан Республикасы үшін маңызды көрші ел, стратегиялық әріптестердің бірі. Келісім Қытаймен анағұрлым тығыз сауда-экономикалық әріптестікке қол жеткізу үшін негіз болуға тиіс.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде әріптестерімді заң жобасын қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Осымен талқылау аяқталды. Енді шешім қабылдайық.

«Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 40 депутат, «жақтағандар» – 40, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Шешім қабылданды. Шақырылған азаматтарға рақмет, аман-сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары Марат Мұратұлы Ахметжановқа беріледі.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті депутаттар! Сіздерге Қазақстан мен Литва арасындағы шартты ратификациялау туралы заң жобасымен келіп отырмыз.

Бұл шарт сот бас бостандығынан айырған және медициналық мәжбүрлеу сипатындағы шара қолданған адамдарды беру туралы.

Шартқа 2017 жылғы 24 сәуірде Вильнюсте қол қойылды.

Шартқа сәйкес Қазақстан азаматын Литва соты бас бостандығынан айырса, не мәжбүрлеп емдеуді тағайындаса, оны жазасын елімізде өтеуге қайтара аламыз. Литва азаматтарын да өз еліне беруге болады.

Шартта бірқатар талаптар бар:

ол біздің елдің не Литваның азаматы болуы тиіс;

сотталған адамның немесе оның заңды өкілінің келісімі керек;

екі елде де оның жасаған іс-әрекеті қылмыс болып табылуы тиіс;

беруге екі жақтың да келісімі керек;

сұрау келіп түскен кезде жазаның кем дегенде 6 айы өтелмеген болуы тиіс.

Мына ретте сотталған адам берілмейді.

Біріншіден, егер ұлттық заңнама бойынша жазаны орындау мүмкін болмаса.

Екіншіден, сотталған адамды еліне қайтару егемендікке, қоғамдық тәртіпке нұқсан келтірсе, ұлттық заңнама мен мемлекет мүддесіне қайшы болса.

Үшіншіден, сотталған адам келтірген залалды өтемесе.

Бұл шарттың тағы бір ерекшелігі, бұл медициналық мәжбүрлеу шарасын қолданған адамды беру туралы басқа елмен бірінші шарт. Қазіргі уақытта осы мәселені тек үш халықаралық конвенциямен реттеп жүрміз. Литвамен шарт осы конвенциямен Қазақстанның Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес келеді.

«Халықаралық шарттар туралы» Заңның 11-бабына сәйкес бұл шарт ратификациялауға жатады, себебі оның нормалары адам құқықтарына тікелей қатысты.

Заң жобасын қабылдау ешбір жағымсыз әлеуметтік, экономикалық және саяси салдарға әкеп соқпайды. Бюджеттен қосымша қаржыны талап етпейді. Заң жобасын қолдауларыңызды сұраймыз.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Мұратұлына сұрақтарыңыз бар ма? Сенатор Әйтимова.

ӘЙТИМОВА Б.С. Спасибо, Дарига Нурсултановна.

В целом поддерживая законопроект, потому что это, однозначно, традиционная защита прав граждан, даже осужденных в других странах, Марат Муратович, у меня три вопроса.

В чем особенность сегодняшнего договора? Ранее такого рода договоры мы ратифицировали, но без акцента на принудительные меры медицинского характера. Ранее это всегда было в статье, но не в самом заголовке. Это первое.

Второе. Что было препятствием, почему подписанный договор два года проходил?

Третье. Удивила статья 9 «Язык и легализация». Это была наша инициатива сделать рабочим языком русский, если будет недопонимание? Меня удивило, что Литва согласилась, чтобы был русский язык.

АХМЕТЖАНОВ М.М. По первому вопросу. Как я отметил в докладе, раньше была подписана международная конвенция, где общие нормы и общие положения.

Раньше в Уголовно-процессуальном кодексе не было нормы, что можно к осужденному лицу применять принудительные меры медицинского характера. Эта норма появилась в 2015 году.

На сегодняшний день аналогичные двусторонние договоры заключены с 19 странами. Мы можем лиц, к которым применены принудительные меры медицинского характера, запрашивать и передавать.

В связи с тем, что это была просьба литовской стороны, не противоречит конвенции, соответствует нашему Уголовно-процессуальному кодексу, была заложена эта норма. В рамках взаимности с другими странами мы применяем эти нормы.

По языку. Это обоюдное согласие двух уполномоченных органов, предлагался или английский, или русский. Обе стороны пришли к тому, что удобнее будет на русском языке. Здесь не было никакого принуждения, на условиях взаимной договоренности принят русский язык.

Как вы знаете, идет большая аналитическая работа. Необходимо отметить, что благодаря вам принят ряд законодательных поправок, в том числе гуманизация, снижение репрессивности уголовного законодательства. Сегодня наши нормы соответствуют международным стандартам.

Если вы заметили, в течение двух лет у нас идет активное подписание двусторонних международных договоров, в том числе и со странами Евросоюза.

В принципе, были рекомендации о внесении изменений в уголовное законодательство. Необходимо отметить, что нормы нашего уголовного законодательства по содержанию осужденных в пенитенциарной системе нашей страны в целом соответствуют международным стандартам. Поэтому страны, в том числе Италия и Испания, заключили с нами двусторонние договоры о выдаче осужденных.

ТӨРАҒА. Удовлетворены ответом?

ӘЙТІМОВА Б.С. Что явилось препятствием его ратификации?

АХМЕТЖАНОВ М.М. Никаких препятствий не было. Это стандартные процедуры. Были такие намерения...

ТӨРАҒА. Бывает, что затягивают еще дольше, есть случаи, что на 10–12 лет затягивали. Не все зависит от одной стороны.

Сенатор Құртаев.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Менің сұрағым Сыртқы істер министрлігінің өкіліне арналады.

Қазіргі таңда Қазақстан мен басқа мемлекеттердің арасында келісім-шарттар жасалуда. Келісім-шарттардың қазақ тіліндегі аудармасында қате көп және осындай қателер бір емес, бірнеше рет қайталанып жатыр. Мысалы, Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Қытай Халық Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім және Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы шарттың мемлекеттік тілдегі аудармасында қателіктер болды және олар нота жіберу арқылы түзетілді. Бұны тілімізге деген немқұрайлылық деп есептейміз.

Аталған жағдайлардың келешекте қайталанбауы үшін қандай шаралар қолданылып жатыр?

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Роман Юрьевич.

ВАСИЛЕНКО Р.Ю. Сұрағыңызға рақмет.

Этот вопрос, наверное, не столько к Министерству иностранных дел, сколько ко всем органам-разработчикам, государственным ведомствам, которые заключают такие договоры. Естественно, Министерство иностранных дел стоит, как говорится, на выходе и также контролирует этот процесс.

Вопрос известный, над ним работают соответствующие органы уже многие годы. На данном этапе, я думаю, можно говорить о том, что уже гораздо меньше таких проблем.

Естественно, по объективным причинам исторически так сложилось, что в первые годы независимости вопросов было больше, теперь их становится все меньше и меньше. Но замечание принимается, этот вопрос будет стоять на особом контроле. Спасибо.

ТӨРАҒА. Наверное, уже пришло время разработать какую-то четкую методику перевода на государственный язык международных договоров. Пока нет четких правил, так и будет продолжаться.

Рақмет, Марат Мұратұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің хатшысы Дулат Рашитұлы Құсдәулетовке беріледі.

ҚҰСДӘУЛЕТОВ Д.Р. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Талқыланып отырған заң жобасын талдау шарттың үлгілік шарт болып табылатынын көрсетті. Бұл шартты басқа да осындай шарттармен қатар Бас прокуратура әзірледі.

Ұсынылған шарт қазіргі заңнама талаптарына сәйкес келеді. Ол шетел мемлекеті заңнамасының ықпалына түскен азаматтарымыздың конституциялық құқықтарын қорғауға бағытталады.

Сонымен бірге мұндай шарттар құқық қорғау органдарының құқықтық көмек көрсету, сотталған азаматтарымыздың отанға оралуы, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің құқық қорғау органдарымен өзара іс-әрекет жасауы жөніндегі мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Осындай шарттар превентивтік сипатта болады.

Баяндамашы атап өткеніндей, осындай шарт 19 мемлекетпен жасалған және бұндай халықаралық шарттар біздің қолдауымызға ие.

Сонымен бірге мемлекеттік органдарда үлгілі шарттарды әзірлеу жөнінде жансақ көзқарас қалыптасқанына да назар аудару ұсынылады. Мысалы, үлгілі шарт:

- 1) уағдаласушы елдер арасындағы кейбір жеке ерекшеліктерді;
- 2) белгілі бір мемлекеттердің ерекшеліктерін;
- 3) уағдаласушы мемлекеттер арасында қалыптасқан жағдайларды;
- 4) азаматтарымыз бен мемлекетіміздің құқықтық көмектің қажетті көлемін ұсынуға деген мүдделі жағдайларын ескермейді.

Осы шарт бойынша біздің елімізде де, Литвада да азаматтардың бұндай санаты жоқ екенін көріп отырмыз. Тиісінше, құқықтық қатынастардың көлемі де жоқ. Әзірше ол превентивтік сипатта болады.

Өкінішке орай, осы шарт бойынша екі елдің қылмыстық заңнамасының мониторингі және тараптардың оны қолдану практикасы жүргізілмеген. Ал мұндай мониторинг екіжақты шарттардың ерекшелігі болып табылады.



Елдермен жасалатын өзара іс-әрекеттің заңды деңгейі көбінесе ескерілмейді. Бүгінгі таңда құқықтық көмектің көп көлемі жасалатын азғантай ел бар, бірақ неғұрлым тығыз қатынастар жасалатын және мұндай шарттар талап етілетін мемлекеттер де бар. Біздің азаматтарымыз жазадан жасырынып жүрген елдер бар, дегенмен азаматтарымыз мемлекеттің қолдауын қажет ететін жағдайлар да болып тұрады. Бірақ осы мәселе бойынша Бас прокуратура мен Сыртқы істер министрлігінің бірлескен іс-қимылдары жоқ.

Сондай-ақ шарт бойынша ғылыми сараптаманың да ескертулері бар. Қазір қазақ тіліндегі мәтінді түзету жөнінде нота алмасуға тура келді. Мұндай ұят фактілер халықаралық шарттарға тән болып келеді.

Мұндай фактілерден арылатын кез жетті. Әділет министрлігінің лингвистикалық сараптамасы бар емес пе? Заңды түрде сондай талап бар.

Осы ұсыныстарды халықаралық шарттармен одан әрі жұмыс практикасында ескеру қажет деп санаймын.

Тұтастай алғанда, аталған заң жобасы бойынша Сенаттың комитеттерінен ұсыныстар мен ескертулер келіп түскен жоқ.

Баяндаманы ескере отырып, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті Парламент Мәжілісі мақұлдаған ұсынылған заң жобасын Сенат отырысының қарауына енгізіп, оны қолдауларыңызды сұрайды.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дулат Рашитұлы.

Құрметті депутаттар, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда мәселені талқылауға көшейік.

Сенатор Тағымов.

ТАҒЫМОВ М.М. Рақмет. Құрметті Дариға Нұрсұлтанқызы, құрметті әріптестер! Қазіргі таңда трансұлттық қылмыстың өсуіне байланысты қылмысқа қарсы күресуде мемлекетаралық ынтымақтастықтың өзекті бағыттарының бірі болып сотталған адамдарды беру институты танылады.

Осы тұрғыда Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау екі мемлекеттің қылмысқа қарсы іс-қимыл, сондай-ақ екі ел азаматтарының негіз қалаушы құқықтары мен мүдделерін қорғау саласындағы өзара тиімді серіктестігі болып табылады.

Қазақстан мен Литваның екіжақты байланыстары тұрақты, үдемелі сипатқа ие. Сауда-экономикалық қарым-қатынас, мәдени-гуманитарлық алмасу белсенді дамуда. Осы себептен екі елдің азаматтары арасында да туристік, іскерлік, білім алу салалары да кеңейе түсуде. Осы орайда кейбір азаматтар тарапынан қылмыс жасау мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Сондықтан бұл шарт Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы

азаматтарына бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны отанында өтеуге мүмкіндік беретін маңызды құжат.

Осымен бірге шарттың бір ерекшелігі – медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамға өз мемлекетінде мәжбүрлеп емдеуден өту мүмкіндігін беру – гуманизм мен адам сүйгіштік жалпы танылған қағидаттарын іске асырады.

Шарт Қазақстан Республикасы Конституциясымен кепілдік берілген адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзбайды. Сонымен қатар еліміз үшін жағымды құқықтық салдар туындатады.

Құрметті депутаттар, осы заңды қолдай отырып сіздердің де заң жобасын қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Осымен талқылау аяқталды. Дауыс беру рәсіміне көшейік.

«Қазақстан Республикасы мен Литва Республикасы арасындағы бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. «Қатысып отырғандар» – 40 депутат, «жақтағандар» – 40, «қарсылар» – жоқ, «қалыс қалғандар» – жоқ. Заң қабылданды. Шақырылған азаматтарға рақмет, аман-сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, енді депутаттық сауалдарға көшеміз. Сөз сенатор Құсдәулетовке беріледі.

ҚҰСДӘУЛЕТОВ Д.Р. Уважаемая Дарига Нурсултановна! Уважаемые коллеги! С начала моей депутатской деятельности Председателем Сената Парламента мне было поручено проводить ежегодный анализ качества законопроектной работы и направлять в Правительство в конце сессионного периода. Данный депутатский запрос является шестым по счету и адресуется Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину.

Что касается самого депутатского запроса. Так, во главу угла деятельности Парламента поставлено принятие качественных и своевременных законов, способных не только поспевать за темпами экономического развития, но и стимулировать экономический рост, обеспечивать безопасность и стабильность общественных институтов.

Однако, несмотря на регулярно принимаемые Парламентом совместно с Правительством меры по совершенствованию законодательного процесса, мы до сих пор не можем решить уже «бородатые проблемы» и преодолеть системные барьеры. Хотелось бы коротко остановиться на основных из них.

Первое. Планирование законопроектной работы. Регулярно мы говорим о необходимости повышения качества и создания баланса в планировании законопроектной работы Правительства. Но, как и прежде, сроки по законопроектам часто переносятся на второе полугодие и нередко в конце года вовсе исключаются из плана.

Так, по состоянию на май текущего года План законопроектных работ Правительства на 2019 год корректировался уже три раза. К концу года эта цифра может увеличиться.

Такое положение негативно отражается на прохождении законопроектов в палатах Парламента.

